

8 Қыркүйек 2021 ж.
№ 3

010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 11

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары бірлескен
отырысының қаулысы**

Нұр-Сұлтан қаласы

2021 жылғы 8 қыркүйек

**Атқарушы органдардың
әлеуметтік маңызы бар азық-түлік
тауарларына
бағаларды тұрақтандыру жөніндегі
жұмысы туралы**

Атқарушы органдардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру жөніндегі жұмысы туралы ақпаратты тыңдал, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері және заңдылық, құқық тәртібі және жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиялары (бұдан әрі - Тұрақты комиссиялар) елорданың атқарушы органдары осы бағытта бірқатар жұмыстар жүргізіп жатқанын атап өтті.

Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті мемлекеттік басқару органдарының алдында стратегиялық міндет - елорда халқының табысы мен өмір сүру сапасын арттыруды қамтамасыз ету түр.

Қала негізгі азық-түлік тауарларымен 28%-ға өз өндірісі есебінен, 25%-ға азық-түлік белдеуінен жеткізу есебінен, 47%-ға республиканың басқа өнірлерінен және импорт есебінен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, мәслихат ағымдағы жылы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының айтартықтай өскенін атап өтті.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 мамырдағы №502-1712 «Нұр-Сұлтан қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекіту туралы» қаулысымен (бұдан әрі – Әкімдіктің қаулысы) өнімдердің екі түріне - күнбағыс майы мен жұмыртқаға рұқсат етілген шекті бағалар белгіленген.

Қалыптасқан жағдайды зерделеу мақсатында елорданың депутаттық корпусы елорданың сауда орталықтары мән базарларында болды. Арадау нәтижелері бойынша тұрақтандыру қорынан тиісті қарыздар бөлінген сауда желілерінде (дүкендерде) азық-түлік тауарлары Әкімдіктің қаулысымен белгіленген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерінен асатын бағалармен сатылатыны анықталды.

Сондай-ақ, мәслихат депутаттары тұрақтандыру қорының жеміс-көкөніс өнімдерін сақтау бойынша көкөніс қоймалағына барды.

Оларды аралашу барысында көкөніс қоймаларының бірінде көкөністердің ең көп дегенде бір апталық қоры ғана бар екендігі анықталды. Басқа көкөніс қоймаларында жеміс-көкөніс өнімдері немесе қандай да бір тамақ өнімдері мүлдем жоқ, олардың орнына әртүрлі жабдықтар, техника, жиһаз және басқалар сақтауға қойылған.

Осылайша, бұғінгі күні елорданың тұрақтандыру қорының нашар қалыптасуына және қандай да бір төтенше жағдай туындаған кезде олардың азық - тұлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне қатысты мәселелер туындалап отыр.

Баяндалғанды ескере отырып, тиісті атқарушы мемлекеттік орган мен «Astana» ӘҚК» АҚ тарарапынан елорданың тұрақтандыру қорын қалыптастыру бойынша, сондай-ақ Әкімдіктің қаулысымен белгіленген әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерінен асып кетуіне жол бермеу бойынша тиісті бақылау болмағаны айқындалып отыр.

Отырыс барысында азық-тұлік тауарларының импортына қатысты мәселелер көтерілді, өйткені өнім импортының жыл сайынғы ұлғаюы елорданың азық-тұлік қауіпсіздігіне нақты қауіп төндірөді.

Сонымен қатар, отырыста Нұр-Сұлтан қаласының азық-тұлік белдеуін қалыптастыру, жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша елорданың атқарушы мемлекеттік органы қабылдайтын басқарушылық шешімдердің тиімділігі мәселелері көтерілді.

Жоғарыда баяндалғаның негізінде, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері және заңдылық, құқық тәртібі және жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиялары **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ-іне «Astana» ӘҚК» АҚ-мен бірлесіп мыналар ұсынылсын:

Мемлекет басшысының ағымдағы жылғы 1 қыркүйекте тиімсіз баға белгілеу және азық-тұлік тауарларын бөлуге қатысты бағаларға бірыңғай бақылау орнату бойынша берген тапсырмасын орындауды қамтамасыз ету;

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 мамырдағы №502-1712 қаулысымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін арттыруға жол бермеу бойынша бақылауды жүзеге асыру;

Қымбаттауға неғұрлым бейім азық-тұлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыру бойынша «Nur Otan» партиясының Жол картасының тиісінше орындалуын қамтамасыз ету;

тұрақтандыру қорынан ақшалай қарығ алған дүкендердің «Astana» ӘҚК» АҚ-мен жасалған тиісті шарттар бойынша міндеттемелерін орындауы бойынша бақылауды және мониторингті қамтамасыз ету;

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 мамырдағы №502-1712 қаулысына толықтырулар енгізу арқылы әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарлары атауларының көпшілігіне рұқсат етілген шекті баға белгілеу және шаралар қабылдау;

аязға төзімділігі минус 70-80 градусқа дейін болатын 1 (бір) жылға дейін ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мүмкіндігі бар заманауи көкөніс қоймаларын салу бойынша шаралар қабылдау және мәселені қарау;

дүкендердің жалпыға қолжетімді срындарда (стендтерде), олардың интернет-ресурстарында тұрақтандырылған бағалар бойынша сатылатын әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарлары туралы ақпаратты орналастыруын бақылауды қамтамасыз ету;

өнімді сақтау және тиімді бөлу үшін қажетті жағдайлар жасау жөнінде шаралар қабылдау;

2021 жылғы 24 қыркүйекке дейінгі мерзімде азық-тұлік тауарларының импорты үлесінің бар пайызына қатысты, оның ішінде олардың түрлері, экспорттауши елдердің атаулары бойынша толық ақпарат беру;

тұрақты негізде елорда тұрғындары арасында бұқаралық ақпарат құралдарында, ақпараттық порталдарда тұрақтандырылған бағалар бойынша сатылатын әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

бір ай мерзімде қалалық мәслихатқа осы қаулыны орындау жөнінде қабылданған шаралар туралы ақпарат берілсін.

2. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы 2021 жылғы IV тоқсанда «Astana» ӘҚК» АҚ қызметін жүзеге асыруға қатысты мәселені қарасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Бірлескен отырыстың тәрағасы-
Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
зандылық, құқық тәртібі және
жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының тәрағасы

Т. Нәрікбаев